

"Қазақстан Республикасында электр энергетикасын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1129 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1521 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 724 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.06.2014 № 724 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында электр энергетикасын дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1129 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында электр энергетикасын дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламада (б ұ д а н ә р і – Б а ғ д а р л а м а) :

«1. Бағдарламаның паспорты» деген бөлімде:

«Міндеттері» мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Термоэлементтер мен күн фотоэлементтерін шығару жөніндегі сыни технологияларды дамыту»;

«Нысаналы индикаторлары»:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. 2014 жылы көмір өндіру көлемін 119 млн. тоннаға дейін қамтамасыз ету.»

;

«Саланы дамытудың негізгі проблемалары, үдерістері мен алғышарттары» деген кіші бөлімде:

«3. Қазақстандық қамту» деген тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Екібастұз қаласында 700 оқушы орнына арналған Отын-энергетика саласы үшін кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі өңіраралық орталықтың құрылысы аяқталатын болады.»;

мынадай мазмұндағы кіші бөліммен толықтырылсын:

«Саланың инновациялық-технологиялық дамуын талдау

Электр энергиясына өсіп келе жатқан сұранысты электр энергиясын өндіруді

ұлғайту есебінен ғана емес, сонымен қатар энергия үнемдеу есебінен де қанағаттандыруға болады.

Саланың инновациялық-технологиялық дамуы электр станцияларында станциялардың энергия тиімділігін арттыратын технологияларды енгізуге жәрдемдеседі.

Бүгінгі күні жаңартылған энергия көздерін қолдану Қазақстан Республикасының инновациялық дамуының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Осылайша, нысаналы технологиялық бағдарламаларда бағыттарының бірі термоэлементтерді және күн фотоэлементтерін шығару жөніндегі технология болып табылады.

Талдау нәтижесінде «Термоэлементтер және күн фотоэлементтерін шығару жөніндегі технология» деген нысаналы технологиялық бағдарламаны іске асыру үшін күн элементтерін өндірудің сыни технологиясы өнеркәсіптік игеруге жақындап қалған кремнийдің нано-талшықтарын өсіру технологиясы болып табылатындығы анықталды. Мемлекетке бизнес және ғылыммен бірлесе отырып, нано-құрылымды дамыту үшін күш-жігерді шоғырландыру қажет.».

«Қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаның, қолданыстағы практика мен саланың дамуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асыру нәтижелерінің сипаттамасын қоса алғанда, саланы дамытуды мемлекеттік реттеудің қолданыстағы саясатын талдау» деген кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«Қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаның, қолданыстағы практика мен саланың дамуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асыру нәтижелерінің сипаттамасын қоса алғанда, саланы дамытуды мемлекеттік реттеудің қолданыстағы саясатын талдау

Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік реттеу мынадай мақсаттарда жүзеге асырылады:

энергия тұтынушылардың сұраныстарын барынша толық қанағаттандыру және электр және жылу энергиясы нарығына қатысушыларды тұтынушыларға электр және жылу энергиясын жеткізушілерді таңдау мүмкіндігіне кепілдік беретін нарықта бәсекелі шарттар жасау арқылы құқықтарын қорғау; Қазақстан Республикасының электр энергетикалық кешенінің қауіпсіз, сенімді және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасы электр энергетикалық кешенін елдің шаруашылық-экономикалық және әлеуметтік кешендерінің өміршеңдігін қамтамасыз ететін аса маңызды жүйесі ретінде басқарудың біртұтастығы.

Қазіргі уақытта электр энергетикасы саласында мынадай нормативтік құқықтық актілер қолданылады:

1) «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң З а ң ы ;

2) «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;

3) «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;

4) «Шекті тарифтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 наурыздағы № 392 қаулысы;

5) «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мониторингін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 5 қ а з а н д а ғ ы № 1 5 2 9 қ а у л ы с ы ;

6) «Жаңартылатын энергия көздерінің пайдалану объектілері құрылысының техникалық-экономикалық негіздемелері мен жобаларын келісу және бекіту ережесін, мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы № 2190 қаулысы;

7) «Электр энергиясын энергия өндіруші білікті ұйымдардан сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қ а ң т а р д а ғ ы № 7 0 қ а у л ы с ы ;

8) «Электр немесе жылу желілеріне қосудың және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді қосудың ең таяу нүктелерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қ а ң т а р д а ғ ы № 1 1 9 қ а у л ы с ы ;

9) «Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 маусымдағы № 740 қаулысы;

10) «Жылу электр станцияларының электр қуатын шектеуді және оларды қысқарту жөніндегі іс-шараларды келісу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 757 қаулысы;

11) «Аспаптармен және құрылғылармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 м а у с ы м д а ғ ы № 7 6 5 қ а у л ы с ы ;

12) «Электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 маусымдағы № 795 қаулысы;

13) «Қазақстан Республикасының энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 маусымдағы № 796 қаулысы;

14) «Электр және энергия қондырғыларының техникалық жай-күйі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беру мен бөлуді және оларды энергиямен жабдықтау

мақсатында сатып алуды жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеру жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 маусымдағы № 893 қаулысы;

15) «Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 шілдедегі № 932 қаулысы;

16) «Қазақстанның біртұтас электр энергетикасы жүйесінде авариялық бұзушылықтарды болғызбау және оларды жою жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 шілдедегі № 945 қаулысы ;

17) «Электрмен жабдықтаудың авариялық және технологиялық брони актісін жасау жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 10 тамыздағы № 1039 қаулысы;

18) «Энергетикалық кәсіпорындар үшін өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қазандағы № 1319 қаулысы ;

19) «Біртұтас электр энергетикасы жүйесінің, электр станцияларының, аудандық қазандықтардың, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тексеру жүргізу және оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1345 қаулысы ;

20) «Шаң тәріздес отынды дайындау және жағу үшін отын берудің жарылыс қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1348 қаулысы;

21) «Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1352 қаулысы ;

22) «Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1353 қаулысы;

23) «Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1354 қаулысы ;

24) «Электр қондырғыларын орнату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1355 қаулысы;

25) «Электр станцияларының және жылу желілерінің жылу-механикалық жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1356

қ а у л ы с ы ;

26) «Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 қ а р а ш а д а ғ ы № 1 5 0 8 қаулысы;

27) «Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 қ а р а ш а д а ғ ы № 1 5 0 9 қаулысы;

28) «Жүйелік оператордың қызмет көрсету, жүйелік және қосалқы қызмет көрсету нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 300 қ а у л ы с ы ;

29) «Энергетикадағы жұмыс орындарын аттестаттау, ұтымды ету, есепке алу және жоспарлау туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 1 маусымдағы № 563 қаулысы;

30) «Электр желілік қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 625 қаулысы;

31) «Электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жабдықтарына, ғимараттары мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 711 қаулысы;

32) «Жылу энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 712 қаулысы;

33) «Электр энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 713 қаулысы;

34) «Энергетикалық сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 714 қаулысы;

35) «Энергетикалық сараптама жүргізуге ұйымдарды және электрлік зертханаларды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 21 қыркүйектегі № 334 бұйрығы.»;

«4. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары мен оны іске асырудың нәтижелерінің көрсеткіштері» деген бөлімде:

«Нысаналы индикаторлар»:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2014 жылы көмір өндіру көлемін 119 млн. тоннаға дейін қамтамасыз ету.»;

«Бағдарламаның міндеттері» мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«Термоэлементтерді және күн фотоэлементтерін шығару жөніндегі сыни технологияларды дамыту.»;

«Нәтижелер көрсеткіштері» мынадай редакцияда жазылсын:
«2014 жылы электр энергиясын өндіруді 96,8 млрд. кВт сағ. тұтыну болжамымен 97,9 млрд. кВт сағ. дейін жеткізу.

Қазақстанның 2009 – 2014 жылдарға арналған электр энергиясының болжамдық теңгерімі 1-қосымшада келтірілген.

Жалпы электр тұтыну көлеміндегі жаңартылатын энергия көздерінің үлесі 2014 жылға 1,0 % астам құрайды.

Қазақстанның 2009 – 2014 жылдарға арналған ЖЭС электр энергиясының әзірлеу 2-қосымшада келтірілген.

2011 жылы Алматы облысының Шелек дәлізі ауданында бірінші кезеңде қуаты 50 МВт жел электр станцияларын кезең-кезеңмен салу басталады.

Алматы облысының Жоңғар қақпасы ауданында бірінші кезеңде қуаты 50 МВт, Шығыс Қазақстан облысында қуаты 24 МВт, Маңғыстау облысында қуаты 40 МВт, Қарағанды облысында қуаты 10 МВт жел электр станцияларын салу бойынша жобаларды іске асыру.

Сондай-ақ Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында қуаты 100 МВт кем емес, шағын ГЭС құрылыс жобаларын әзірлеу және іске асыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру күтілуде.

2014 жылы көмір өндіру көлемін 119 млн. тоннаға дейін қамтамасыз ету.

Көмір өндірудің болжамдық теңгерімі 3-қосымшада келтірілген.

Көмірге сұранысты қанағаттандыру мақсатында көмірді өндіруді 2009 жылғы 94,3 млн. тоннадан 2014 жылы 119,0 млн. тоннаға дейін өсіру жоспарланып отыр. 2015 жылға қарай Қазақстан Республикасының тұтынушыларының көмірге деген болжамды қажеттілігі 86 млн. тоннаны, оның ішінде елдің энергия өндіруші кәсіпорындарының – 57 млн. тоннаны құрайды.

Энергетикалық көмір ресурстары жылу электр станцияларының қажеттіліктерін толығымен қамтамасыз етеді. Коммуналдық сектор мен халықтың сұранысын қанағаттандыру үшін Шұбаркөл және Майкүбі кен орындарында, сондай-ақ «Қаражыра» разрезінде күлі аз көмір өндіруді арттыру жоспарланып отыр.» ;

«Мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттерге, нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін жауапты мемлекеттік және өзге де органдар» деген кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Бағдарламаны іске асыруға жауапты болып табылады, сондай-ақ мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттерге, нәтижелердің көрсеткіштеріне табысты қол жеткізу үшін мына мемлекеттік органдар мен ұйымдардың: Қаржы министрлігі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Өңірлік даму министрлігі, Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі, Табиғи монополияларды реттеу

агенттігі, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері, БҰҰДБ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «KEGOC» АҚ, «ҚЭЭНҚО» АҚ, «ҚазНИПИИТЭС «Энергия» АҚ, «ҚазНИПИЭнергопром» АҚ, «ҚЭҚ» ЗТБ, «ҚазГидро» ЖШС, Қазақстандық индустрияны дамыту институтының өзара іс - қимылы қ а ж е т . »

«5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері» деген бөлімде:

екінші бөлікте:

1 - тармақта:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Екібастұз МАЭС-2 № 3 энергия блогын салу, іске асырылу мерзімі 2010 – 2015 ж . ж . ; » ;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Шардара ГЭС жаңғырту, іске асырылу мерзімі 2010 – 2016 ж.ж.»;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«Алматы ЖЭО-2 реконструкциялау және кеңейту (3-кезек, бойлерлік), іске асырылу мерзімі 2009 – 2013 ж.ж.,

Алматы ЖЭО-2 реконструкциялау және кеңейту (3-кезек, № 8 қазандық агрегаты), іске асырылу мерзімі 2011 – 2015 ж.ж.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жана генерациялайтын қуаттар құрылысы, оның ішінде:

Мойнақ ГЭС құрылысы, іске асырылу мерзімі 2006 – 2012 ж.ж.;

«Ақшабұлақ» ГТЭС құрылысы, іске асырылу мерзімі 2010 – 2012 ж.ж.;

Орал ГТЭС құрылысы, іске асырылу мерзімі 2010 – 2012 ж.ж.;

Балқаш ЖЭС құрылысы (I модуль), іске асырылу мерзімі 2010 – 2018 ж.ж.»;

3 - тармақта:

бірінші бөлікте:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан ҰЭЖ-не 500 кВ, 220 кВ кернеулі желілер қоса отырып, 500 кВ Алма ҚС құрылысы, іске асырылу мерзімі 2010 – 2014 ж.ж.»;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстанның Ұлттық электр желісін жаңғырту, II кезең, іске асырылу мерзімі 2010 – 2016 ж . ж . ; » ;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Метрополитен үшін Алматы қаласы мен Алматы облысында трансформаторлық қосалқы станциялар салу және жаңғырту, іске асырылу мерзімі 2009 – 2013 ж . ж . ; » ;

жетінші абзац алынып тасталсын;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Алматы ЖЭО-1, ЖЭО-2 және ЖЭО-3 күл-қож жою және күл үю жүйелерін

реконструкциялау және кеңейту, іске асырылу мерзімі 2009 – 2015 ж.ж.»;
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
«ТКШ үшін Алматы қаласы мен Алматы облысында трансформаторлық қосалқы станциялар салу және жаңғырту, іске асырылу мерзімі 2011 – 2013 ж.ж.»
;

е к і н ш і б ө л і к т е :

- 1) тармақша алынып тасталсын;
- 2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
«2) 220 кВ ОБТҚС - Осакаровка ӘЖ реконструкциялау

Жобаның мақсаты: Жоба электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыруға және Астана энергия торабы мен Астана қаласы индустриялық аймағының экономикасы мен халқының электр энергиясына қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жобада мыналар көзделген:

220 кВ АТ (2x250 МВА) ауыстыра отырып, ОБТҚС 500 ҚС реконструкциялау

220 кВ ОБТҚС - Осакаровка ӘЖ (118,7 км) реконструкциялау.

Іске асыру мерзімі: 2010 – 2014 ж.ж.

- 3) 500 кВ Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік транзитін салу

Жобаның мақсаты: Шығыс өңірдің Қазақстан БЭЖ-мен байланысын күшейту, контрреттеуіш – Бұлақ ГЭС-ті іске қосқан кезде Шұлбі ГЭС-інен толығымен қуат беруді қамтамасыз ету, Қазақстанның шығыс және оңтүстік өңірлерін сенімді электрмен қамтамасыз етуді арттыру және Солтүстік-Оңтүстік транзитін күшейту. Теміржолдардың электрлендірілетін учаскелерінің, тау-кен өнеркәсібінің энергияны қажетсінетін объектілерінің электр энергиясына деген қажеттілігін жабуды қамтамасыз ету. Шекара маңы аумақтарды дамыту және жаңартылатын энергияның әлеуетін ауқымды игеру үшін жағдай жасау.

Жоба екі кезең бойынша іске асырылады.

Іске асырылу мерзімі: 2011 – 2018 ж.ж.

I кезең. 500 кВ Екібастұз – Семей – Өскемен ӘЖ

Жобада мыналар көзделген:

500 кВ Екібастұз – Семей ӘЖ (402,2 км) құрылысы;

500 кВ Семей – Өскемен ӘЖ (194,9 км) құрылысы;

220 кВ Семей – ШГЭС ӘЖ (80,9 км) құрылысы;

500 кВ Семей ҚС 220 кВ АТҚ-да 220 кВ 51 ҚС - 18 ҚС ӘЖ (14,8 км)

кіріс-шығысының құрылысы;

500 кВ Семей ҚС 220 кВ АТҚ-да 220 кВ 18 ҚС - ШГЭС ӘЖ-ның (12,6 км)

кіріс-шығысының құрылысы;

500 кВ Семей ҚС құрылысы;

1150 кВ Екібастұз ҚС 500 кВ АТҚ-ны кеңейту;
500 кВ Өскемен ҚС 500 кВ АТҚ-ны кеңейту.

Іске асыру мерзімі: 2011 – 2017 ж.ж.

II кезең. 500 кВ Семей-Ақтоғай-Талдықорған-Алма ӘЖ

Жобада мыналар көзделген:

500 кВ Семей – Ақтоғай ӘЖ (390,8 км) құрылысы;

500 кВ Ақтоғай – Талдықорған ӘЖ (285,6 км) құрылысы;

500 кВ Талдықорған – Алма ӘЖ (206,7 км) құрылысы;

жалпы ұзындығы 143,4 км Талдықорған ҚС-дағы 220 кВ ӘЖ кірістерінің

құрылысы;

500 кВ Ақтоғай ҚС құрылысы;

500 кВ Талдықорған ҚС құрылысы;

500 кВ Алма ҚС 500 кВ АТҚ-ны кеңейту.

Іске асырудың жоспарланған мерзімі: 2012 – 2018 ж.ж.»;

4) тармақша алынып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Павлодар энергия торабының Қазақстанның БЭЭЖ-мен байланысын күшейту.

Жобаның мақсаты: Энергия торабын Қазақстанның БЭЭЖ-мен кернеуі 220 кВ электр байланысымен жарактандыра отырып, Павлодар энергия торабы энергия жүйесі жұмысының сенімділігін арттыру. Павлодар қаласы ЖЭО-ның қуат беруін қамтамасыз ету.

Қазіргі уақытта энергия торабы Қазақстанның БЭЭЖ-імен шектеулі өткізу қабілеті бар (Л-3077 жоспарлы ажыратылған кезде рұқсат етілетін ағын 330 МВт-дан 80 МВт-ға дейін төмендейді) 110 кВ электр беру желілері бойынша байланысқан, бұл Павлодар ЖЭО-ның сыртқы тұтынушыларға қуат беруінің шектелуіне алып келеді.

Жобада мыналар көзделген:

Павлодар ҚС 110 кВ 220 кВ АТҚ құрылысы;

ЕЭК-Промышленная (54 км) 220 кВ ӘЖ құрылысы;

кернеуі 220 кВ (21,7 км) Павлодар ЕЭК 110 кВ ӘЖ көшіру;

ЕЭК 220 кВ АТҚ-ны кеңейту.

Іске асырудың жоспарланған мерзімі: 2012 – 2016 ж.ж.»;

6) тармақша алынып тасталсын;

7) тармақша алынып тасталсын;

8) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Екібастұз МАЭС-1 500 кВ АТҚ реконструкциялау. Іске асырылу мерзімі

2011

–

2016

ж.ж.;»

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Электр энергиясын жаңартылатын энергия көздерінен өндіру үлесі (жел электр станциялары, күн станциялары, сондай-ақ қуаты 35 МВт дейінгі су электр станциялары) 2015 жылға қарай жалпы электр тұтыну көлемінде 1 % астамды құрайды .

Жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіруге жәрдемдесу үшін құқықтық және әкімшілік шараларды іске асыру.

Қазақстан Республикасының «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдары және жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды ынталандыру және қолдау жөніндегі шараларды қамтитын бірқатар нормативтік құқықтық актілерді қабылдағаннан кейін отандық және шетелдік инвесторлардың қызығушылығы артқаны және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы жобалардың іске асырыла басталғаны байқалды.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы нормативтік және нормативтік-құқықтық құжаттамаларды әзірлеуді және жетілдіруді жалғастыру салынатын инвестицияларды қайтаруда инвесторларға кепілдік беруге мүмкіндік беретін қолдау тетігін құруы тиіс және нәтижесінде, жаңартылған энергия көздерінен барлық өндіретін электр энергиясын сатып алу кепілдігі, желілерге жаңартылған энергия көздерін пайдалану бойынша объектілерді қосу кезінде қолдау, жобаның барлық өтімділік кезеңінде жаңартылған көздерінен энергияға инвестициялық преференцияларды кепілдендірілген және тартымды бағасын беру, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы жобаларды келісудің стандартталған рәсімдерін, жаңартылатын энергия көздері объектілерінің құрылысы үшін жер учаскелерін резервтеу және оларды беру кезінде басымдылығы, жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, өндірілген электр энергиясын сатып алу бойынша энергия таратушы ұйымдардың міндеттемелері, жаңартылатын энергия көздерінің желілері бойынша электр энергиясы көлігіне төлеуден босату тәрізді Қазақстан Республикасының аумағында жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы жобаларды іске асыру және дамыту үшін әлеуетті инвесторларды т а р т у ғ а т и і с .

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану (жел электр станциялары (ЖЭС), кіші су электр станциялары (кіші СЭС) бойынша жобаларды іске асыру есебінен мынадай жаңа қуаттарды енгізу:

1) Алматы облысында:

2010 жылы іске қосылатын Қаратал өзенінде белгіленген қуаты 3,5 МВт кіші С Э С ;

2015 жылы іске қосылатын Шелек дәлізі ауданындағы белгіленген қуаты 51
М В т Ж Э С ;
2015 жылы іске қосылатын Көксу өзенінде жиынтық қуаты 42 МВт кіші СЭС
к а с к а д ы ;
2014 жылы іске қосылатын Қаратал өзенінде белгіленген қуаты 5 МВт кіші
С Э С ;
2014 жылы іске қосылатын Басқан өзенінде белгіленген қуаты 4,35 МВт кіші
С Э С ;
2014 – 2015 жылдары іске қосылатын Есік өзенінде жалпы қуаты 4,8 МВт
к і ш і С Э С ;
2014 – 2015 жылдары іске қосылатын Лепсі өзенінде белгіленген қуаты 4,8
М В т к і ш і С Э С
2014 жылы іске қосылатын бірінші кезеңдегі Қапшағай қаласындағы қуаты 2
М В т кү н қ о н д ы р ғ ы л а р ы ;
2) Шығыс Қазақстан облысында:
2014 – 2015 жылдары іске қосылатын Ұлан ауданындағы белгіленген қуаты
2 4 М В т б о л а т ы н Ж Э С ;
3) Маңғыстау облысында:
2014 – 2015 жылдары іске қосылатын Түпқараған ауданындағы белгіленген
қ у а т ы 4 2 М В т Ж Э С ;
4) Ақмола облысында:
2013 жылы іске қосылатын Целиноград ауданындағы белгіленген қуаты 0,75
М В т Ж Э С ;
2014 – 2015 жылдары іске қосылатын Ерейментау ауданындағы белгіленген
қ у а т ы 4 5 М В т Ж Э С ;
5) Қарағанды облысында:
2013 жылы іске қосылатын Ынтымақ су қоймасында белгіленген қуаты 0,57
М В т к і ш і С Э С ;
6) Оңтүстік Қазақстан облысында:
2014 жылы іске қосылатын Келес өзенінде белгіленген қуаты 2 МВт кіші
С Э С ;
7) Қостанай облысында:
2011 жылы іске қосылатын Қарасу ауданындағы белгіленген қуаты 0,35 МВт
б и о г а з қ о н д ы р ғ ы с ы ;
8) Солтүстік Қазақстан облысында:
2012 жылы іске қосылатын Қызылжар ауданындағы белгіленген қуаты 1,5
М В т Ж Э С ;
9) Жамбыл облысында:
2010 жылы іске қосылатын Мерке өзенінде белгіленген қуаты 1,5 МВт кіші

С Э С ;

2011 жылы іске қосылатын Қордай ауданындағы белгіленген қуаты 1,5 МВт

Ж Э С ;

2012 жылы іске қосылатын Қордай ауданындағы белгіленген қуаты 0,5 МВт

К Э С ;

2013 жылы іске қосылатын Т. Рысқұлов ауданындағы белгіленген қуаты 2,1

М В т к і ш і С Э С ;

2013 жылы іске қосылатын Шу ауданындағы белгіленген қуаты 9,2 МВт кіші

С Э С ;

2013 жылы іске қосылатын Қордай ауданындағы белгіленген қуаты 4 МВт

Ж Э С ;

2014 – 2015 жылдары іске қосылатын Мерке өзенінде белгіленген қуаты 4,5

М В т к і ш і С Э С . » ;

«6. Қажетті ресурстар» деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

« 6 . Қ а ж е т т і р е с у р с т а р

Бағдарламаны іске асыруға арналған қаржы ресурстарының жалпы көлемі 1 177 497 млн. теңгені құрайды, оның ішінде қаржыландыру көздері бойынша:

1) Республикалық бюджет – 435 881 млн. теңге.

2) Меншікті және қарыз қаражаты – 741 616 млн. теңге.»;

«7. Қазақстан Республикасында электр энергетикасын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Қазақстан Республикасында электр энергетикасын дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

млн. теңге

Р/с №	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындалу м
1	2	3	4	5
Өндіруші қуаттарды реконструкциялау, жаңғырту және салу				
ЖИЫНЫ:				
1. Жаңа энергия көздерін салу				
1	Орал ГТЭС салу	Пайдалануға беру	«Орал ГТЭС» ЖСШ	2010-2012 ж
2	Ақшабұлақ кен орнында ГТЭС салу	Пайдалануға беру	«Кристалл Менеджмент» ЖШС	2010-2012 ж
3 3.1	Балқаш ЖЭС салу (I модуль)	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	2010-2018 ж
4	Мойнақ ГЭС салу	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	2006-2012 ж
5	Екібастұз МАЭС-2 № 3 энергия блогын салу	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	2010-2015 ж

2. Жұмыс істеп тұрған энергия көздерін жаңғырту және реконструкциялау

1	Атырау ЖЭО кеңейту және реконструкциялау	Пайдалануға беру	«Атырау ЖЭО» АҚ	2006-2010 ж
2	Ақсу МАЭС № 2 энергия блогын қалпына келтіру	Пайдалануға беру	«ЕЭК» АҚ	2009-2011 ж
3	Екібастұз МАЭС-1 № 8 блогын қалпына келтіру	Пайдалануға беру	«Екібастұз МАЭС- 1» ЖШС	2010-2012 ж
4	Шардара ГЭС жаңғырту	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	2010-2016 ж
5	Қазақстан Республикасының жылу энергетикасы жүйесін дамыту	Пайдалануға беру	ИЖТМ, Қаржымині, ЭБЖМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	-
6	Алматы ЖЭО-2 (3-кезек, бойлерлік) реконструкциялау және кеңейту	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	2009-2013 ж
7	Алматы ЖЭО-1 құрамдастырылған күл-қож шығару жүйесін реконструкциялау және кеңейту	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	2009-2011 ж
8	Алматы ЖЭО-3 күл үйіндісін реконструкциялау және кеңейту	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	2009-2011 ж
9	Алматы ЖЭО-2 күл-қож шығару жүйесін реконструкциялау және кеңейту (3-4-кезең)	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	2010-2015 ж
10	Алматы ЖЭО-2 реконструкциялау және кеңейту (3-кезек, № 8 қазандық агрегаты)	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	2011-2015 ж

3. Электр желілік объектілерді салу және жаңғырту

1	Азиада-2011 үшін Алматы қаласы мен Алматы облысында трансформаторлық қосалқы станциялар салу	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	2009-2011 ж
2	Метрополитен үшін Алматы қаласы мен Алматы облысында трансформаторлық қосалқы станциялар салу және жаңғырту	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	2009-2013 ж
3	ТКШ үшін Алматы қаласы мен Алматы облысында трансформаторлық қосалқы станциялар салу және жаңғырту	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	2011-2013 ж
4	Қазақстанның ҰЭЖ-не 500 кВ, 220 кВ кернеулі желілермен қосылатын 500 кВ «Алма» ҚС салу	Пайдалануға беру	«KEGOC» АҚ	2010-2014 ж
5	Мойнақ ГЭС қуат беру схемасы	Пайдалануға беру	«KEGOC» АҚ	2010-2012 ж
6	ҰЭЖ жаңғырту, II кезең (55 кіші станцияларға электр жабдықты ауыстыру)	Пайдалануға беру	«KEGOC» АҚ	2010-2014 ж
7	*ОБТҚС - Осакаровка 220 кВ ӘЖ реконструкциялау	Пайдалануға беру	«KEGOC» АҚ	2010-2014 ж
7.1				
8	Павлодар энергия торабын Қазақстанның БЭЭЖ-мен байланысын күшейту	Пайдалануға беру	«KEGOC» АҚ	2011-2016 ж
9	Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік 500 кВ транзитін салу (1-кезең, Екібастұз - Семей - Өскемен 500 кВ ӘЖ)	Пайдалануға беру	«KEGOC» АҚ	2011-2017 ж

4. Инфрақұрылым құрылысы, көмір өндіруші өнеркәсіптегі қуаттарды ұлғайту

1	«Богатырь» кенішінің көліктік схемасын реконструкциялау, жаңа автомобиль - конвейерлік технологияға көшу жобасын аяқтау	Пайдалануға беру	«Богатырь Көмір» ЖШС	2010-2018 ж
2	«Солтүстік» кеніші бойынша жылына 10 млн-нан 18 млн. тоннаға, «Шығыс» кеніші бойынша жылына 20 млн-нан 22 млн. тоннаға, «Екібастұз» жылына 4 млн-нан 8 млн. тоннаға, «Қаражыра» кеніші бойынша жылына 5 млн-нан 7 млн тоннаға және Шұбаркөл тас көмір кен орны жылына 20 млн тоннаға дейін, «Жалын» кен орны бойынша жылына 0,5 млн-нан 2,0 млн тоннаға дейін көмір өндіру қуаттарын кеңейту бойынша техникалық жобаларды іске асыру	Үкіметке ақпарат	«Богатырь Көмір» ЖШС, «Шұбаркөл Көмір» АҚ, «ЕЭК» АҚ, «Ангренсор Энерго» ЖШС, «Майкүбе-Вест» ЖШС, «Қаражыра ЛТД» ЖШС, «Сарыарқа-ENERGY» ЖШС	2010-2019 ж

5. Қаржыландыру көздерінің болу шартымен салуға ұсынылатындар

1	Іле өзенінде Кербұлақ ГЭС-ін салу	Үкіметке ақпарат	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	2011-2017 ж
2	ҰЭЖ-ны жаңғырту, II кезең (220 кВ ӘЖ салу)	Үкіметке ақпарат	«KEGOC» АҚ	2014-2016 ж
3	Балқаш ЖЭС қуат беру схемасы (бірінші кезең)	Үкіметке ақпарат	«KEGOC» АҚ	2011-2018 ж
4	Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік 500 кВ транзитін салу (II кезең, Семей-Ақтоғай-Талдықорған-Алма 500 кВ ӘЖ)	Үкіметке ақпарат	«KEGOC» АҚ	2012-2018 ж
5	220-500 кВ ӘЖ оңалту	Үкіметке ақпарат	«KEGOC» АҚ	2013-2020 ж
6	Газға ауыстыру және ГТҚ орнату арқылы Алматы ЖЭО-1 реконструкциялау және кеңейту	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	2011-2016 ж

6. Энергетика саласында нормативтік-құқықтық, техникалық құжаттама әзірлеу

1	Ішкі және сыртқы нарықтарда көмір өнімінің бәсекеге қабілеттілігіне жағдайлар жасау үшін нормативтік-техникалық құжаттаманы қамтамасыз ету	Мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттар	ИЖТМ	2010-2014 ж
---	--	---	------	-------------

Кестенің жалғасы

Болжамды шығыстар						
2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	Барлығы	Қаржыландыру көздері
6	7	8	9	10	11	12
Өндіруші қуаттарды реконструкциялау, жаңғырту және салу						
197 522	284 459	281 909	190 690	227 393	1 181 973	
1. Жаңа энергия көздерін салу						
6 676	42	809			7 527	Меншікті және қаржы қаражаты
8 929	5 494	3 106			17 529	Меншікті және қаржы қаражаты

39 700	89 218	83 076	50 283	36 830	299 107	Меншікті және қаражаты
3 239	10 758			418	14 415	Республикалық бюджет
10 332	12 996				23 328	Меншікті және қаражаты
2 422	930	43 467	28	65 897	112 744	Меншікті және қаражаты
2. Жұмыс істеп тұрған энергия көздерін жаңғырту және реконструкциялау						
5 028					5 028	Меншікті және қаражаты
6 790	858				7 648	Меншікті және қаражаты
9 148	7 377	4 924			21 449	Меншікті және қаражаты
3 563	2 319	2 200	687	2 336	11 105	Меншікті және қаражаты
63 056	85 258	87 614	73 811	58 056	367 795	Республикалық бюджет
203	12 128				12 331	Республикалық бюджет
1 597	487				2 084	Республикалық бюджет
	574				574	Республикалық бюджет
19	11	2 499	797	1 715	5 041	Меншікті қаражат
	112	284	108	2 517	3 021	Меншікті қаражат
3. Электр желілік объектілерді салу және жаңғырту						
12 847					12 847	Республикалық бюджет
6 152	9 813				15 965	Республикалық бюджет
	7 535				7 535	Республикалық бюджет
1 393	7 055	6 579	7 916	6 456	29 399	Меншікті және қаражаты
84	3 494	2 400			5 978	Меншікті және қаражаты
207	1 228	11 801	18 948	7 733	39 917	Меншікті және қаражаты
49		17	646	918	1 630	Меншікті және қаражаты
	600	1 000	403		2 003	Республикалық бюджет
50		5	26	18	99	Меншікті және қаражаты
	216	145	374	8 052	8 787	Меншікті және қаражаты
4. Инфрақұрылым құрылысы, көмір өндіруші өнеркәсіптегі қуаттарды ұлғайту						
4 498	7 714	13 765	12 410	13 554	51 941	Меншікті қаражат
11 487	18 183	18 158	24 193	22 833	94 854	Меншікті қаражат
5. Қаржыландыру көздерінің болу шартымен салуға ұсынылатындар						

6. Энергетика саласында нормативтік-құқықтық, техникалық құжаттама әзірлеу						
53	59	60	60	60	292	Республикалық бюджет

* - 2012 жылы республикалық бюджет қаражатынан іс жүзінде 70 615 мың теңге игерілді»

«Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуында: елу сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын: «ӘБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі» ;

көрсетілген Бағдарламаға 1, 2, 3-қосымшалар осы қаулыға 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013 жылғы 31 желтоқсандағы

№ 1521 қаулысына

1-қосымша

Қазақстан Республикасында

электр энергетикасын дамыту

жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға

арналған бағдарламаға

1-қосымша

млрд. кВт сағ.

Р/с №	Атауы	Нақты				Болжам	
		2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
1	Электр энергиясын тұтыну	77,9	83,7	88,1	91,4	90,8	96,84
2	Электр энергиясын өндіру	78,4	82,3	86,2	90,2	92,5	97,91
3	Меншікті көздерден электр энергиясымен қамтамасыз ету, (%)	97,7	97,1	95,8	97,2	99,1	99,85

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013 жылғы 31 желтоқсандағы

№ 1521 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасында
 электр энергетикасын дамыту
 жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға
 арналған бағдарламаға
 2-қосымша
 млрд. кВт сағ.

Р/с №	Атауы	2009 ж. нақты	2010 ж. нақты	2011 ж. нақты	2012 ж. нақты	Болжам	
						2013 ж.	2014 ж.
1	Электр энергиясын өндіру	0,37	0,38	0,40	0,45	0,65	1,00

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2013 жылғы 31 желтоқсандағы
 № 1521 қаулысына
 3-қосымша

Қазақстан Республикасында
 электр энергетикасын дамыту
 жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға
 арналған бағдарламаға
 3-қосымша
 млн. тонна

Р/с №	Атауы	2009 ж. нақты	2010 ж. нақты	2011 ж. нақты	2012 ж. нақты	Болжам	
						2013 ж.	2014 ж.
1	2	3	4	5	6	7	8
I	Ресурстар	94,5	105,5	110,4	114,6	117,3	119,3
1	Өндіру	94,3	105,3	110,1	114,3	111,0	119,0
2	Импорт	0,2	0,2	0,3	0,3	0,3	0,3
II	Бөлу, барлығы	94,5	105,5	110,4	114,6	117,3	119,3
	оның ішінде:						
1	экспортқа	25	29,4	33,5	32,8	29,0	33
2	ішкі тұтынуға	69,5	76,1	76,9	81,8	82,0	86,0
	оның ішінде:						
а)	өнеркәсіп кәсіпорындары	12,3	12,7	12	12	14	15
б)	коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындар және халық	11,3	13,6	13	13,3	14	14
в)	энергетика	45,5	49,8	51,9	56,5	54,0	57,0